

## "Жамбыл облысы Жуалы аудандық әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облысы Жуалы аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 70 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қаурызыда № 2538 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2 қыркүйектегі № 392 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 02.09.2020 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілдіктердің аражігін ажырату жөніндегі шараптар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығына сәйкес, Жуалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әбдікерім Құлтайұлы Уркумбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Құлекеев*

Жуалы ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 12 ақпандағы  
№70 қаулысымен бекітілген

# **"Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ:

3. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080300, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б. Момышұлы ауылы, Жамбыл көшесі №12 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

13. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатаинастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заннамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Эпизоотиялық қолайлар жағдайды және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

- 1) халықтың денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау;
- 2) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) жеке және занды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асырған кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;

16. Функциялары:

- 1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды

2) асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;

вeterинариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұнқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

4) мұдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

5) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

6) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өндеу;

8) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (залалсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне отеу;

9) ауданның аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

10) ауданның аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

11) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

12) тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

14) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

15) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;

экспортын (импорттын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-тыю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

16) мал қорымдарын (биотермиялық шұнқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) жеке және занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

19) уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізуін ұйымдастыру;

20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

21) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлеріне қажеттілікті айқындау және облыстың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

22) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну;

23) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жүқпалы және жүқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;

24) облыстың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

25) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

26) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу;

27) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

28) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және занды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

29) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

30) мекеменің тиісті бюджеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік сатып алу ұйымдастыру және жүзеге асыру;

31) Қазақстан Республикасы Заңнамасында белгіленген тәртіппен өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық

бағынысындағы мемлекеттік мекемелердің, занды тұлғалардың басшыларын тағайындейды және босатады.

32) Қазақстан Республикасы Заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша мекеме өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме, занды тұлға не бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын занды тұлғамен аффилииrlenген тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру;

### 17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органнан және өзге ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

2) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын занды және жеке тұлғалар белгіленген ветеринариялық-санитариялық ережелер мен нормативтерді бұзған жағдайда, олардың лицензияларын заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтату немесе қайтарып алуға бастамашы болуға;

3) белгіленген тәртіппен эпизоотияға қарсы төтенше комиссиялар құру туралы ұсынысты шығаруға;

4) аудан әкімдігіне жануарлардың жүқпалы аурулары таралуының алдын алуға және жоюға бағытталған карантиндік режимді немесе шектеу іс-шараларын жүргізе отырып, карантиндік аймақтың ветеринариялық режимінің белгілеу туралы ұсыныс шығаруға;

5) аудан әкімдігіне жануарлардың жүқпалы аурулары таралуының алдын алуға және жоюға бағытталған шектеу іс-шараларын немесе карантинді алып тастау туралы ұсынысын шығаруға;

6) жануарлардың және адамның денсаулығы үшін қауіп тәндіретін жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алу және жою туралы шешім қабылдауға;

7) тиісті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығаруға құқылы.

## 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары болмайды.

21. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарының және мекеменің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;

2) зандарға және өзге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) зандарда белгіленген тәртіппен мекеме қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) мекеменің актілеріне қол қояды;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мекемені білдіреді;

6) қолданыстағы зандармен және осы Ережемен белгіленген шектерде мекеменің мүлкіне өкімдік етеді;

7) шарттар жасасады және сенімхаттар береді;

8) банкілік есеп-шоттарын ашады, өзге де мәмілелер жасасады;

9) зандарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз қызметкерлеріне өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бөлім басшысы басқарады.

#### **4. Мемлекеттік органның мулкі**

24. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған езге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған езгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

27. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **"Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің (кәсіпорындардың) тізбесі**

1. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің ветеринариялық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.